


**Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Төлеби ауданының
мамандандырылған мектеп – интернаты педагог – психологтың 2024 - 2025 оқу жылында
мамандық таңдау бойынша жылдық есебі**


Төлеби ауданының мамандандырылған мектеп – интернатында 2024 - 2025 оқу жылында кәсіптік бағдар беру жұмыстарына психологиялық бағытта жоспар түзіліп, сол жоспар бойынша жұмыс жасалуда. 9-11 сынып оқушылары арасында еңбек нарығының жай – күйі, оқушылардың жеке тілегі, психологиялық ерекшеліктері мен өңірдегі еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіптер туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді. Жылдық жоспардың психодиагностикалық және түзету – дамыту материалдары дайындалып, сол бойынша жұмыс жасалды. 11а,б сынып оқушыларымен кәсіптік бағдарлау бойынша Дж.Голландтың әдісі арқылы жеке адам типологиясын анықтау сауалнамасы және А.Е.Климовтың «ЖДС» сауалнамасы жүргізілді.

1. 11а,б сынып оқушыларымен кәсіптік бағдарлау бойынша Дж.Голландтың әдісі арқылы жеке адам типологиясын анықтау сауалнамасы және А.Е.Климовтың «ЖДС» сауалнамасы жүргізілді. Нәтижесі төмендегідей:

11а сынып оқушыларынан алынған Дж.Голланд әдісінің қорытындысы




11б сынып оқушыларынан алынған Дж.Голланд әдісінің қорытындысы




Диагностика қорытындысы бойынша анықталған бағыттары


Р/с	Сыныбы	Гуманитарлық бағыт (%)	Жаратылыстану бағыты (%)
1	11а	40	60
2	11б	28	72
Барлығы:		34 (%)	66 (%)



11а сынып Е.А.Климовтың «Жекелеп диагностикалау сауалнамасы» қорытындысы



116 сынып Е.А.Климовтың «Жекелеп диагностикалау сауалнамасы» қорытындысы



Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың нәтижесіне сүйене отырып, оқушылардың қай бағытқа бейім екендігі және қандай салаға, қайсы пәнге аса қызығушылық байқататыны қорытындыланып, шығарылды. Осы жұмыс нәтижесі бойынша оқушылармен психологиялық бағыт – бағдар беру жұмыстары жүргізіліп, хаттамасы толтырылды.

2. Психологиялық қызметтің түзету-дамыту бағыты бойынша келесі жұмыстар атқарылды:

11 сынып оқушылары арасында рөлдік ойындарды ойнау арқылы өз қабілеттерін, икемділіктері мен қызығушылық бағыттарын айқын көрсете білді. Сабақ барысы Әль – Фарабидің :

Ісім оңсын десеңіз,

Сол істің маманы болыңыз.

Даңқым шықсын десеңіз,

Көпшіліктің адамы болыңыз, - қанатты сөзі сабақтың дәйексөзі ретінде алынды.

Оқушылардың логикалық ойлауын, өз беттерінше дұрыс шешім шығара білуге үйрету мақсатында жағдаяттар беріліп, соны сахналау ұсынылды. Бұл тәсіл оқушылардың ішкі мүмкіндіктері мен табиғи дарынының ашыла түсуіне ықпал етеді. Сахналық тапсырманы орындау сонымен бірге оқушылардың топта, ұжымда бірлесе әрекет ете алу іскерліктерін де шыңдай түседі.

Сабақты «Жүректен жүрекке» айдары арқылы Ж.Баласағұнидің «Еңбек туралы» өлеңін оқу арқылы аяқтады.

Басым көкке жетсін десең армандап,

Әр жұмысты біліп істе, қарма оңдап.

Барлық істі сарапқа сап істегін,

Қисаппенен қазынаңды үстегін.

9 сынып оқушыларымен «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында баяндама оқылып, сыр – сұхбат жүргізілді.

Мақсаты: оқушыларға болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауға көмектесу, оқушылардың өмір туралы, мамандықтар туралы көзқарастарын дамыту, алдағы уақытта мамандықты таңдауда дұрыс жолда болуында себепкер болу, мамандық әлемі туралы ақпарат алу арқылы және өзін тану шекарасын кеңейту арқылы мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру.

9-10 сынып оқушыларымен «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында пікір алмасу өтті. **Мақсаты:** «Мамандық» құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы түсінік беру.

Міндеттері:

- Мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту;
- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу.

Өз болашақтарын анықтауда ұстанатын ережелермен таныстырылды.

Мектеп-интернат директоры



Л.Нурымбетова Л.Нурымбетова